

Қамқоршылық кеңесінің жиналысы
Хаттамасы №1

**«№21 жалпы орта білім беретін мектептеп» коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің**

Құлсары қаласы

14.09.2021 жыл

Қатысушылар: 9-кеңесі, 1-мектеп басшысы, 2-орынбасар, әлеуметтік педагог.

Қатысқандар:

Иманалина Райса Бақтығалиқызы- мектеп директорының м.а.
Орынбай Нұрбибі Қосанқызы- оқу ісі орынбасары
Оразбаева Сандұғаш Ғайниқызы- тәрбие ісі орынбасары
Болатова Туғанай Болатқызы –әлеуметтік педагог
Джумсакбаева Айнагул-кеңес төрайымы
Қосжанова Жанаргүл- хатшы
Қашабаева Ақтоты-кеңес мүшесі
Қабдығалиева Дина-кеңес мүшесі
Балымбетова Роза-кеңес мүшесі
Габитова Гульфара- кеңес мүшесі
Қанатбаева Баян- кеңес мүшесі
Канжанова Гульмаржан- кеңес мүшесі
Шамаева Эльмира- кеңес мүшесі

Күн тәртібінде:

1. 2020-2021 оқу жылының негізгі қорытындысы.
2. ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі «Білім беру ұйымдарының қамқоршылық кеңесінің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №355 бұйрығымен танысу.
3. Қамқоршылық кеңесінің жаңа құрамын сайлау, жұмыс жоспарымен таныстыру.
4. Жартылай жетім, аз қамтылған отбасы балаларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету.

Тыңдалды:

Мектеп директорының м.а.:Р.Б.Иманалина биыл әлеуметтік педагогымыз өз дипломымен жұмысын басқа салада жалғастыруына байланысты қызметін тәмамдап, орнына жаңа әлеуметтік педагог болып Болатова Туғанай Болатқызы тағайындалды. Биылғы оқу жылында білім беру ұйымдарындағы қамқоршылық

кеңестің қызметімен жалпы ережелерімен таныстырып өтті. Білім беру ұйымы алқалы басқару нысанының бірі болып табылады. Қамқоршылық кеңесінің қызметі мектеп әкімшілігімен, жергілікті атқарушы органдармен, мүдделі ведомстволармен, ата-аналар және басқада ұйымдармен қарым-қатынаста болады. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығы негізінде жалпы ата-аналар жиналысының қаулысы негізінде Қамқоршылық кеңесінің жұмысы ұйымдастырылды. Жылыой ауданы білім бөлімінің 09.09.2021 жылғы №102 бұйрығы негізінде қамқоршылық кеңесінің құрамы құрылу керек. Қамқоршылық кеңес қызметінің құрамы 9 адамнан жасақталды.

1. Джумсакбаева Айнагул-кеңес төрайымы
2. Қосжанова Жанаргүл- хатшы
3. Қашабаева Ақтоты-кеңес мүшесі
4. Қабдығалиева Дина-кеңес мүшесі
5. Балымбетова Роза-кеңес мүшесі
6. Габитова Гульфара- кеңес мүшесі
7. Қанатбаева Баян- кеңес мүшесі
8. Канжанова Гульмаржан- кеңес мүшесі
9. Шамаева Эльмира- кеңес мүшесі

Осы құраммен әр тоқсан сайын жиналыс өткізіп өзекті мәселелерді шешуге ат салысып қолымыздан келгенінше көмегімізді көрсетіп шешім қабылдап отырамыз.

Мектептегі әлеуметтік жағдайы аз қамтылған оқушыларды есепке алып, сол оқушыларды мектептегі асханадан ыстық тамақпен қамтамасыз етілу керек. Ата-аналармен жеке кәсіпкерлердің қолдауымен «Мектепке жол», «Қамқорлық» акциясы аясында көмектер көрсетіліп, оқушылар киім-кешек пен оқу құралдарымен қамтамасыз етіліп отырады.

2020-2021 оқу жылындағы жазғы демалыс уақытында мектепшілік лагерде - 30 оқушы, басқа қалалардағы лагерлерде Атырау қаласына - 3 оқушы, Орал қаласына -3 оқушы, аз қамтылған, жартылай жетім, көп балалы отбасынан шыққан оқушылар түгел қамтылып демалып келді.

Бытырғы оқу жылында қашықтықтан оқуға байланысты аз қамтылған отбасындағы оқушыларға, карантиндік режимде жұмыстан босатылған, уақытша жұмыссыз қалған отбасы балаларына ноутбук, планшеттер, қаржылай көмек ретінде роутер (интернет) желісіне қосылуға, мектеп бойынша аз қамтылған, жартылай жетім, толық жетім, аз қамтылған 10 отбасының (33 оқушыға) ақшалай (40 мың) теңге көмек берілді. 26 отбасына мектептен ноутбуктер берілді. 10 оқушыға планшет берілді. , 73 оқушыға 25000 (жиырма бес мыңнан) киім-кешек алуға ақшалай көмек берілді. Құжаттары жинақталып көмектер ұсынылды.

4-мәселе бойынша да әлеуметтік педагог сөзін жалғастырды. 2021-2022 оқу жылында 1-4 сынып аралығы бойынша 530 оқушы, мектеп әкімшілігі мен қамқоршылық кеңес мүшелерінің қатысуымен жартылай жетім, аз қамтылған, көп балалы, бір ата-ана тәрбиесіндегі отбасыдан шыққан 10 оқушыны ыстық тамақпен қамтамасыз етіліп отырғаны жөнінде айтып өтті.

Сөз алды

1. Қамқоршылық кеңес төрайымы Джумсақбаева Айнагул: Қайырлы күн. Баршаңызды биыл жаңа оқу жылы мен құттықтаймыз. Әлем шарлаған дерттің әсерінен барлығы қашықтықтан білім алды, осы жылы оқушыларымыз мектепке келіп білім алып жатырғанына қуаныштымыз. Биылғы жылы ортамызға келіп жатырған әлеуметтік педагогымызға біріншіден жұмысына сәттілік тілейміз және жұмыс барысында үлкен жетістікке жететініне сенім білдіреміз.
2. Кеңес мүшесі Қашабаева Ақтоты: Қайырлы күн. Биыл мектеп табалдырығын аттап жатырған бүлдіршіндерімізге сәттілік тілеймін. Жаңадан ортамызға келіп жатырған әлеуметтік педагогымызға жұмысына сәттілік тілеймі. Райса Бақтығалиевнаның сөзіне толықтай келісемін. Қамқоршылық кеңесіне сайлау үшін осы жерге жиналып отырған жайымыз бар. Қамқоршылық кеңесінің қызметі таныс, мектепке жол, қайырымдылық шараларында, мектеп тәртібіне байланысты жиындарда, жағдайы төмен отбасы балаларына жәрдем беріп, мектеппен тығыз байланыста жұмыс атқарып келеміз.
3. Кеңес мүшесі Қосжанова Жанаргүл: Біздер былтырдан осы ұйымда мүшеміз. Бұл кеңес мүшелерінің қызметі мектеппен етене араласып қамқорлықсыз қалған балаларға қол ұшын беріп, кез келген мектептегі көмек қолы жетіңкіремей жатырған жағдайлар мен іс-шараларда кеңесіп, көмек беріп отырамыз.

Ұсыныс:

1. Қамқоршылық кеңестің жылдық жұмыс жоспары жүйелі жүргізілсін.
2. Қамқоршылық кеңес мүшелері осы құрамда бекітілсін.
3. Ыстық тамақпен қамтамасыз етілген оқушыларды қадағалап, бақылауға алынсын.

Кеңес төрайымы :

Хатшы :



Джумсақбаева Айнагул

Қосжанова Жанаргүл